

КӨҢІЛГЕ ЫСТЫҚ СОЛ КҮНДЕР

Кейде маған өмір жақсы адамдардың игілікті де өнегелі істерімен көріктеніп, мейірім шапағатымен нұрлана түсетіндей сезіледі. Олай деуіме де себеп мол. Айғыржал ауылының тумасы, жан жолдасым Серік Әбілдаұлы Демесінов саналы ғұмырын, табиғат сыйлаған ерекше күш-жігерін қас-терлі күрес өнеріне жұмсап жүріп, халқымыздың мерейін биікке көтерген азаматтардың қатарынан көрініп еді. Осы Серікпен кездесіп бас қосуым мен үшін үлкен бақыт десем артық айтқандық емес. 1959 жылы Айғыржал ауылына, Әбілда ақсақалдың отбасына келін болып босаға аттадым. Шағын ғана аядай ауылдың тұрмысы да ерекше еді. Сол кезде осы ауыл өрісі малға, қырманы дөнге толған миллионер колхоз болатын. Ауыл адамдары да қызу еңбекке араласып, күн-түн демей еңбек етіп, бірліктің арқасында талай жетістіктерге қол жеткізді. Шағын ауылда тағы бір өзгеше тіршілік мені тіпті де таң қалдырған. Ауыл ортасындағы бақта жеміс, жидектер өсіп, алма ағаштары самсап тұратын. Тіпті сыртында күзетшісі бар еді. Жастар кешкі уақытта демалуға осы бақтың маңайына жиналатын. Ол жердің ауасының өзі неге тұрады. Сол кездегі адамдардың еңбекке қабілеті, ерік-жігері әлі күнге дейін көз алдымда десем өтірік айтқаным емес. Айғыржал ауылынан атақты адамдар да шыққан. Мәселен есімде қалғаны Еңбек Қызыл Ту орденінің иегері Сембай Өтегенов, қазірде ауыл шаруашылық министрлігінде еңбек етіп жүрген Өмірзақ Торғаев, Төлеуғалы, Баянғалы Жұмаділовтер, ұстазымыз Рысқұл Жақанов, атақты механизатор, еңбек озаты Бакыт Өзбеков, Серік бәрі еңбек десе жанып түсетін жандар еді. Қазірде олардың арасында еңбектен қол үзбей, жастарға үлгі-өнеге болып жүргендері де қаншама. Жатыскер ақын Маясар Жапақов, менің әкем Мұқаш, Қалкен, Әби деген ақсақалдар біздің үйге жиналып, ән айтып, айтыс ұйымдастырып жататын. Солардың тамылжыта салған әнін, айтысын тыңдауға бәріміз жиналып, тыңдаудан есте жалықпайтын едік. Солардың өнегесін, тәрбиесін көрген Алтай Смет, Өміржан Сағындықовтар қазірде сөз қадірін білетін адам-

дар. Кітаптары да бар. Қалай мақтанбассың.

Сол кездегі ауыл жастарының спорт десе ішкен асын жерге қоятынын білуші едім. Делебелері қозып, қай жерде жарыс өтеді десе тайлы тұяғы қалмай сабылып жататын. Жолдасым Серік те күреске ерекше бейім еді. Қандай жарыс-

кеңнің алғашқы шәкірттерінің бірегейі Жәкен Ақжанов бүгінгі күні құрметті демалыста. Ал Сейсенбай Жанасылов халықаралық төреші. Қыдырбай Әбішев спорт шебері, облыстық спорт мектебінде жаттықтырушы болса, Жанат Медеубаев та облыстық спорт мектебінде жаттықтырушы. Тал-



тарға болсын ризашылықпен шығарып салатынымын. Кетерде қалай қуансам, келгенде де одан бетер шаттанып, қанаттанып кетуші едім. Өйткені құралақан қайтпай, жұлдемен оралатынына сенетінмін. Қашанда оған деген сенімім алдамайтын. 1955 жылдан бастап күрес әлеміне бойлай енген оның қол жеткізген жетістігінің өзі бір төбе. Күрестің классикалық, еркін, қазақша күрес түрлерін меңгерген ол, биік белеске қол жеткізді. Әр жылдары алған мақтау грамоталары, дипломдары соның айғағы іспеттес.

Егер Серіктің кешегі өмір жолындағы атақ-дәрежесін санай берсек, қаншама жылдар қатарынан күрес әлемінің майталманы, чемпионы атануы тегіннен тегін емес. Өйткенмен осы қысқаша өмірбаянның өзінде қаншама мәң, атқарылған іс, төгілген тер, бойдағы жасын жігер жатыр. Республикалық жарыстарда қарсыластарынан оқ бойы озық көрінген ол қашанда жеңістің төрінде жүретін. 1957 жылы Қазақстан жастарының тұңғыш өткізілген фестиваліне қатысып, лауреат атанса, 1958 жылы еркін күрестен Орта Азияда палуандары арасында өткізілген дүбірлі сайыста күміс жүлдегер атанды.

Қазақша күрестен спорт шебері, бірнеше дүркін чемпион атанған Серіктің избасарлары да аз емес. Серіктің салған сара жолымен, егеменді еліміздің көк байрағын жоғары ұстап, халықаралық жарыстарда ел намысын қорғап жүрген шәкірттері де жетерлік. Се-

ғат Сәдуақасов аудандық балалар және жасөспірімдер спорт мектебін басқарып отырса, Қайрат Мусин осы мектепте жаттықтырушы.

Секеннің шәкірттері мен аудан тұрғындарының сұрауы бойынша аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебіне Серіктің атын беру жөнінде ұсыныс түскен болатын. Ол Серікке көрсетілген құрмет емей немене. Кейде өткен өмір жолына қарап тәуба деймін. Өзінен өрбіген ұрпағы бүгінде өсіп-өніп, бір әулетті таратып отыр. Қыздары қияға, ұлдары ұяға қонып, өмірден өз орындарын тапқан.

Айғыржал ауылы маған ерекше ыстық көрінетінін жоғарыда айтып өттім ғой. Ондағы бір-біріне деген құрметі, ілтипаты тұзу жандардың сол кездердегі сыйласымдылығы, жанашырлығы әлі сол қалпында. Көзім көрген ағалардың артында қалған ұрпақтары түтінін түтетіп, әр шаңырақтың тірлігін жалғастырып отыр. Былтыр Айғыржал ауылына жолым түсіп ауыл шетіндегі зиратқа жерленген көз көрген көне көз қариялардың басына барып, дұға бағыштатып қайттым.

Осындай ғибратты ғұмыр сүрген аптал азаматтардың есімдері ел жадында сақталып, кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге ретінде танылып, аттары шығып жатса нұр үстіне нұр болар еді.

Күлтай МҰҚАШЕВА,
Ақсу-Аюлы ауылы.